Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

АҚ "Каражанбасмунай", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Келісім-шартта белгіленген шарттарда және өз тәуекелімен [Жұмыстардың атауы] бойынша жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігердің Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауы шартымен, осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға және олардың ақысын төлеуге міндеттенеді.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Келісім-шарттың жалпы сомасына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: а) Келісім-шартта көзделген шығындар, оның ішінде Келісім-шартқа қосымшаларға сәйкес Жұмыстарды орындау, Тапсырыс берушінің объектісін қажетті жабдықтармен және материалдармен жинақтау, инфрақұрылым объектілерін салу; б) барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу құны, монтаждау және демонтаждау жұмыстарын орындау, жабдықтарды іске қосу-баптау жұмыстары, ҚНжЕ талаптарына сәйкес орнатылған жабдықтарды сынау, пайдалануға рұқсат алу үшін жергілікті қадағалау органдарымен келісу, Жұмыстарды тапсыруға және пайдалануға қабылдауға байланысты шығыстар; в) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдар.

2.1.2. Мердігер Келісім-шарттың жалпы сомасын арттыруды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Келісім-шарт жасалған кезде орындалуға тиіс Жұмыстардың толық көлемін немесе оған қажетті шығыстарды толық көлемде болжау мүмкін болмаған жағдайларда да. Егер Жұмыстарды аяқтау үшін қажетті, бірақ Келісім-шартта ескерілмеген жұмыстар көлемі анықталса, Мердігер мұндай жұмыстарды Келісім-шартқа қосымшаларда көзделмегеніне қарамастан, өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде, Мердігердің күтпеген шығыстары есебінен, Келісім-шарт сомасын арттырмай орындайды. Кез келген жағдайда Мердігерде жоғарыда көрсетілген анықталған жұмыстар көлемін орындауға жұмсалған шығындарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап ету құқығы туындамайды.

2.1.3. Мердігердің нақты шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілген шығыстардан аз болған және алынған үнемдеу орындалған Жұмыстардың сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.3.1. Аралық төлем көзделген Келісім-шарттар үшін:

2.3.1.1. Орындалған Жұмыстар көлемінің [пайызды көрсетіңіз] ([сөзбен]) % Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған Орындалған жұмыстар актісіне / Жұмыстарды орындаудың кезекті кезеңі бойынша Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, соның негізінде жазылған шот-фактура / төлем шоты (инвойс) негізінде төленеді. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың әрқайсысында Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс.

2.3.1.2. Орындалған Жұмыстар көлемінің [пайызды көрсетіңіз] ([сөзбен]) % Мердігердің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін 100 (жүз) % орындағаннан кейін, Келісім-шарттың 2.4-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде төленеді.

2.3.2. Егер Келісім-шарттың №1 қосымшасында алдын ала төлем көзделсе, мұндай алдын ала төлем Мердігердің төлем шотын және Келісім-шартта айқындалған аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күнінен кешіктірмей, аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейінгі қолданылу мерзімімен жүзеге асырылады. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін Мердігерге қолданылмайды. Келісім-шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, Келісім-шарт бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан авансты төлемей жүзеге асырылады. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Келісім-шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі бойынша елішілік құндылық үлесін есептеу, электрондық құжат нысанында («Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) қорытынды Орындалған жұмыстар актісімен бірге ұсынылады);

2.4.2. Орындалған жұмыстар актісі;

2.4.3. Акт _____ (қажет болған жағдайда, Жұмыстарды орындау кезінде ресімделуі талап етілетін өзге актілер көрсетіледі, мысалы: дезактивация актісі, кәдеге жарату актісі және т.б.);

2.4.4. Шот-фактура;

2.4.5. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (қорытынды есеп айырысу кезінде ресімделеді), ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2.5. Аралық төлемдер мен қорытынды есеп айырысу аванстық төлем сомасын пропорционалды ұстап қалуды ескере отырып жүзеге асырылады.

2.6. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Шот / Шот-фактура Орындалған жұмыстар актісінің негізінде жазылады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өткізу айналымы жасалған күннен ерте емес, сондай-ақ Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей ресімделуі (күні қойылуы) тиіс. 2.8. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді дереу хабардар етуге міндетті, ал Мердігер дау Тапсырыс берушінің пайдасына шешілген жағдайда, дауланбайтын сома бөлігіне шотты қайтадан ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші мен Мердігер дауланатын сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін бар күш-жігерін жұмсайды. 2.9. Кез келген шот-фактура бойынша төлем жасау фактісі, төлемеуі немесе төлемге қарсылық білдіру, кез келген дауды реттеу барысында жүргізілген кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Мердігер ұсынған шот-фактураларды мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем кейіннен шотта көрсетілген кез келген соманың негізділігін даулау құқығын сақтай отырып жүзеге асырылады. 2.10. Келісім-шарт бойынша қорытынды есеп айырысуды жүзеге асырғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қойып, оны Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді. 2.11. Мердігермен есеп айырысулар кезінде Мердігер Тапсырыс берушінің біржақты тәртіппен (өзара есепке алу жолымен) Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық келісім-шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге тиіс соманы төмендегі сомаларға азайтуға құқылы екендігімен келіседі: – Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына байланысты Тапсырыс беруші есептеген айыппұл санкциялары және/немесе залалдар; – төленген аванстар; – Мердігердің Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешегі. 2.12. Осы Келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалғандай, орындалған Жұмыстар үшін Мердігерге тиесілі төлем бойынша берешекті өтеуге бағытталады. 2.13. Осы Келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының аумағында Мердігердің пайдасына ақшалай қаражаттарды аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге ақшалай қаражаттарды аударуға байланысты барлық өзге шығыстарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, корреспондент-банктердің банктік комиссияларын, Мердігер көтереді. Мердігер Тапсырыс берушінің пайдасына ақшалай қаражаттарды аударуға байланысты барлық шығыстарды өзі көтереді. 2.14. Тапсырыс беруші төлемді кешіктіру үшін, оның ішінде құжаттар топтамасының, соның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің тиісінше рәсімделмеуіне және/немесе төлемге уақтылы ұсынылмауына байланысты кешіктіру үшін жауапты болмайды. 2.15. Келісім-шарт бойынша төлем _____ арқылы, Келісім-шартта көрсетілген Мердігердің есеп айырысу шотына ақшалай қаражаттарды аудару жолымен жүзеге асырылады. 2.16. Тапсырыс беруші мен Мердігердің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар мұндай өзгерістердің болған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы бір-бірін алдын ала хабардар етуге міндетті. Жоғарыда көрсетілген хабарламаны жіберу мерзімдерінің бұзылуы немесе Мердігердің төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеуі салдарынан төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүзеге асырылған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақшалай қаражат Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші алынған ақшалай қаражатты Мердігерге біржақты тәртіппен, дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстар сомасын ұстап қалып, қайта аударуға міндетті. 2.17. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, төлем Мердігер ұсынған шот/инвойс негізінде (шот-фактура

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ресімделмей), төлем көзінен ұсталып қалатын корпоративтік табыс салығын шегере отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте, Мердігердің төмендегідей құқықтары бар: – Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, егер табыс пен капиталға салық салуда қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтарудың алдын алу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын резидент еместің табыстарына өзге де салық салу қағидалары көзделсе, төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен өз бетінше қайтаруды жүзеге асыруға; немесе – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Мердігердің резиденттік мемлекетінде есепке алу (зачет) мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының салық органынан Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстар және ұсталған (төленген) салықтар сомалары туралы анықтама алуға. Аталған анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де салық органынан алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттардың (бұдан әрі – Конвенциялар) қолданылатын ережелерінде, сондай-ақ салық базасын төмендету мен пайданы салық салудан шығару жөніндегі шараларды іске асыру туралы Көпжақты конвенцияны (MLI) қолдану жағдайында, белгілі бір талаптар мен критерийлердің орындалуы негізінде, Тапсырыс беруші Мердігердің табыстарын Қазақстан Республикасында салық салудан босату немесе оларға төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы. 2.18. Тапсырыс берушінің MLI қолданылған жағдайда Конвенциялардың ережелерін қолдану мүмкіндігін қарастыруы үшін, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Тапсырыс беруші белгілеген талаптар мен мерзімдерде тиісті ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған ақпарат пен растайтын құжаттар негізінде Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрған-құрмағанын тексереді. Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрғаны анықталған жағдайда, сондай-ақ Мердігердің Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбауы немесе толық көлемде ұсынбауы жағдайында, Тапсырыс беруші Мердігердің табыстарына қатысты Конвенциялардың төмендетілген мөлшерлемесін қолдануға немесе оларды Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға құқылы емес және Мердігерге табыс төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстап қалады. 2.19. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, егер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар, олар Мердігердің қызметкерлері және (немесе) мердігерлері (қосалқы мердігерлері), не Мердігердің бірлесіп орындаушысының (қосалқы мердігерінің) қызметкерлері ретінде осы Келісім-шарт шеңберінде Мердігер тартқан тұлғалар (бұдан әрі – Қызметкер(лер)) болып табылып, ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын деп танылса (яғни, Қазақстан Республикасының аумағында кез келген бірізді он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңімен аяқталатын кезеңде, кемінде 183 (жүз сексен үш) күнтізбелік күн болған болса, келу және кету күндерін қоса алғанда; осы Келісім-шарт қолданылған; Орындалған жұмыстар акт(ілері) қол қойылған), мұндай Қызметкерлердің табыстары Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығымен (ЖТС) салық салуға жатады. Қызметкерлердің табыстарынан ЖТС-ды уақтылы және толық ұстап қалу үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың төменде көрсетілген тармақшаларына сәйкес орындалады. 2.19.1. Өзінің салықтық міндеттемесін орындау мақсатында, Тапсырыс беруші Келісім-шарт бойынша Жұмыстар үшін әрбір төлемді жүзеге асырған кезде, әрбір осындай төлем сомасының 80 %-ының 10 % мөлшерінде есептелген Қызметкерлер бойынша ЖТС төлеу есебіне соманы ұстап қалады. 2.19.2. Мердігер Тапсырыс берушіге барлық Қызметкерлер бойынша деректер көрсетілген нысан бойынша ақпаратты, Қызметкерлердің паспорттарының көшірмелерін (немесе Қызметкерлердің жеке басын куәландыратын заңнамада көзделген өзге де құжаттарды), Қазақстан Республикасының шекарасынан өту туралы шекаралық бақылау-өткізу пункттерінің белгілері бар құжаттарды, сондай-ақ Қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса отырып, төмендегі мерзімдерде ұсынады: (1) Келісім-шартқа қол қою сәтінде (ақпарат Келісім-шарт жасалған жылға дейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап Келісім-шарт жасалған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс); (2) әрбір Орындалған жұмыстар актісіне қол қою күніне (ақпарат Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған жылға дейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап тиісті актіге қол қойылған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс). Аталған құжаттар әрбір Қызметкердің Қазақстан Республикасының аумағында кез келген бірізді он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңімен аяқталатын кезеңде, 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн болғанын (келу және кету күндерін қоса алғанда) айқындау және ЖТС сомасын анықтау үшін Тапсырыс берушіге ұсынылады. 2.19.3. Қазақстан Республикасының аумағында кез келген бірізді он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңімен аяқталатын кезеңде, кемінде 183 (жүз сексен үш) күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша, Орындалған жұмыстар актісімен бір мезгілде төмендегі құжаттар ұсынылады: 1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісім-шарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; 2) Мердігердің резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген, Қызметкердің еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде алынатын табыстары туралы мәліметтерді қамтитын өзге құжат. 2.19.4. Осы Келісім-шарттың 2.19.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы, Келісім-шарттың 2.19.2 және 2.19.3-тармақшаларына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде, соңғы Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Мердігерге (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. Қайтарылатын ЖТС сомасын Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 2.19.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Келісім-шарттың аяқталған күніне төмендегі шарттардың бір мезгілде орындалуы жағдайында айқындайды: (1) барлық қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 2.19.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылған болса; (2) Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 2.19.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімдерде ұсынылған болса. 2.19.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы төмендегі тәртіппен айқындалады: ЖТСқайтар = ЖТСұст – ПДР × 10 %, мұнда: ЖТСқайтар – Мердігерге қайтарылуға жататын ЖТС сомасы; ЖТСұст – Келісім-шарттың 2.19.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы; ПДР – ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлердің табыстары, егер бұл табыстар Келісім-шарттың 2.16.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталса. Табыс сомасы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болудың күнтізбелік күндерінің санына қарай айқындалады. 2.19.6. Мердігер Келісім-шарттың 2.19.2 және 2.19.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ осы Келісім-шарт тармағының 2.19.2-тармақшасына сәйкес ұсынылған ақпарат негізінде,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген Қызметкерлердің кемінде біреуі ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны анықталып, алайда ол қызметкер бойынша Келісім-шарттың 2.19.3-тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 2.19.1-тармақшасына сәйкес ұстап қалған ЖТС-тың бүкіл сомасы Мердігерге қайтарылуға жатпайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Мердігер осы Келісім-шарттың осы тармағын тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша, осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. 2.20. Қазақстан Республикасының салықтарға, алымдарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді. 2.21. Осы Келісім-шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелерге қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Келісім-шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда көрсетілген Келісім-шарттың қағидалары қолданылады. 2.22. Осы арқылы Мердігер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен танысқанын растайды.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері мен талаптары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері Келісім-шарттың №9 қосымшасында айқындалады, ал Жұмыстарды орындаудың шарттары, көлемі және орны осы Келісім-шарттың №1 және №2 қосымшаларында белгіленеді, бұл ретте Мердігер Жұмыстарды орындауға күнтізбелік кестеде көзделген Жұмыстарды бастау күнінен немесе кезеңінен бастап [күндер саны] ([сөзбен]) жұмыс күнінен кешіктірмей кірісуге міндетті.

3.2. Жұмыстар Тапсырыс беруші тарапынан Келісім-шарттың №1, №2 және №9 қосымшаларына сәйкес көлемі мен сапасы бойынша Орындалған жұмыстар актісімен қабылданады. Жұмыстарды орындау күні болып Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күн есептеледі.

3.3. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушіден өзі және өзінің қосалқы мердігерлері үшін Тапсырыс берушінің аумағында Жұмыстарды жүргізуге Рұқсатнама-рұқсатты алуға міндетті. «Рұқсатнама-рұқсат» – Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша ресімделетін, Мердігерге (қосалқы мердігерге) Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне Жұмыстарды орындау үшін кіруге құқық беретін және Мердігердің (қосалқы мердігердің) жарақтандырылуының Келісім-шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат.

3.4. Рұқсатнама-рұқсат алу үшін Мердігер осы Келісім-шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық сипаттаманың талаптарына сәйкес, Мердігердің Келісім-шарт бойынша барлық талаптарға сай жарақтандырылғанын растайтын барлық құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарының көшірмелерін, қосалқы мердігер қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттарды, рұқсат беру құжаттарын, соның ішінде лицензияларды, орындалатын Жұмыстарға арналған сертификаттарды, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды және Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын ұсынады, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) Мердігердің өндірістік базасына Тапсырыс берушінің тексеру жүргізуі үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе тексеру нәтижелері бойынша Мердігер мәлімдеген жарақтандырылу расталмаған жағдайда, сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Тапсырыс беруші жазбаша жауаппен Рұқсатнама-рұқсат беруден бас тартады, бұл ретте Мердігер Келісім-шарттың шарттарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Келісім-шарттың 8.3.2)-тармағына сәйкес Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

3.5. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талап жолдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен келісілген бағалар кестесін және (немесе) сметаны (құрылыс мердігерлігі шарты бойынша, сондай-ақ баға смета жасау арқылы айқындалатын өзге жағдайларда) Келісім-шарттың жалпы сомасы бойынша және/немесе жұмыстарды орындау кестесін және/немесе ақшалай қаражаттарды игеру кестесін ұсынуға міндетті, сондай-ақ бағалар кестесін (сметаны) және/немесе жұмыстарды орындау кестесін және/немесе ақшалай қаражаттарды игеру кестесін осы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі ретінде қабылдау туралы Тапсырыс берушімен қосымша келісім жасасуға міндетті. Тапсырыс берушінің қалауы бойынша Тапсырыс беруші Мердігерден бағалар кестесін, сметаны, жұмыстарды орындау кестесін және ақшалай қаражаттарды игеру кестесін сұратуға құқылы. Жұмыстар Мердігер жасаған бағалар кестесіне (сметаға), жұмыстарды орындау кестесіне, ақшалай қаражаттарды игеру кестесіне сәйкес орындалатын жағдайларда, бағалар кестесі (смета) және/немесе жұмыстарды орындау кестесі және/немесе ақшалай қаражаттарды игеру кестесі Тапсырыс беруші оны растаған сәттен бастап заңды күшіне енеді және Келісім-шарттың бір бөлігіне айналады. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша Тапсырыс беруші Тараптар Келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде (егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның болуы талап етілсе) құрылыс объектісі бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы Мердігерге ұсынады, оның құрамы мен мазмұны Тапсырыс берушінің Техникалық тапсырмасында айқындалады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Келісім-шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі бойынша елішілік құндылық үлесін есептеуді қорытынды Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанында Тапсырыс берушіге ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.4. Жұмыстарды жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен және білікті мамандармен орындауға;

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариярларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.10. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.11. Осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Келісім-шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылу мерзімімен, _____ түріндегі авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізуге, Мердігердің аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларын және Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабының 5-тармағының талаптарына сәйкес 170 мың еселенген АЕК-тен асатын сомаға банктік кепілдік түріндегі авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаса, Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Келісім-шарт Мердігер аталған хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі;

4.1.12. Келісім-шарттың және оған қосымшалардың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тиісінше және уақтылы орындауды қамтамасыз етуге;

4.1.13. Қазақстандық қызметкерлерге тартылған шетелдік қызметкерлермен салыстырғанда тең жағдайлар мен еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге, оның ішінде:

4.1.13.1. Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қызметкерлері мен шетелдік азаматтар арасында, оның ішінде еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.13.2. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы, олардың азаматтығын көрсете отырып, Тапсырыс берушінің талабы бойынша ақпарат ұсынуға;

4.1.14. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Мердігер қызметкерлерінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырыс берушінің өткізу және ішкі объектілік режимдерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;

4.1.15. Келісім-шартта көзделген орындалған Жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес Орындалған жұмыстар актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны ресімдеуге.

4.1.16. Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін, қорытынды Орындалған жұмыстар актісімен бірге Келісім-шарттың №3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебін Тапсырыс берушіге ұсынуға. Егер Келісім-шарт ұзақ мерзімді болып табылса (он екі айдан астам мерзімге жасалған немесе Жұмыстарды орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға өтетін болса), Мердігер Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде орындалған Жұмыстар көлемі бойынша елішілік құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есептемесін ұсынуға міндетті.

4.1.17. Келісім-шарт шеңберінде Жұмыстарды орындау үшін Мердігер қосалқы мердігерлерді (қосалқы орындаушыларды) тартқан жағдайда, осындай қосалқы мердігерлерді (қосалқы орындаушыларды) ескере отырып, орындалған Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесі бойынша есептің ұсынылуын қамтамасыз етуге.

4.1.18. Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесі туралы ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге.

4.1.19. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Келісім-шарттың талаптарына сәйкес, Келісім-шартта көзделген барлық Жұмыстарды уақтылы және сапасыз орындағаны, сондай-ақ Келісім-шарттың орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы үшін, оның ішінде Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесіне (Келісім-шартқа қосымша) және Техникалық сипаттамаға (№2 қосымша) сәйкес емес орындағаны үшін Тапсырыс беруші алдында жауапкершілік көтеруге.

4.1.20. Келісім-шартты орындау кезінде Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлерін тасымалдауды, олардың тұруын және тамақтануын, сондай-ақ техниканы, жабдықтарды және материалдарды кез келген орналасқан жерден Жұмыстарды орындау орнына дейін және кері бағытта мобилизациялау мен демобилизациялауды өз есебінен қамтамасыз етуге, егер Келісім-шартта өзгеше белгіленбесе. Өз жабдықтарын, техникасын жарамды әрі жақсы техникалық күйде ұстауға және Жұмыстарды орындау орнында кез келген уақытта қосалқы бөлшектердің, жабдықтардың және материалдардың жеткілікті қорын қамтамасыз етуге.

4.1.21. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, олар тартылған сәтте Келісім-шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынуға. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Келісім-шарт бойынша материалдық немесе өзге де жауапкершіліктен, оның ішінде өндірістік, еңбек тәртібін және Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын (ішкі еңбек тәртібі қағидалары, өткізу режимі, жатақханаларда тұру тәртібі және т.б.) бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігердің Мердігермен жасалған шартты бұзуына байланысты талаптарды тікелей қосалқы мердігерге қоюға құқылы.

4.1.22. Егер Тапсырыс беруші объективті себептерді көрсете отырып, Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Жұмыстарды орындаудан шеттетуді талап етсе, Мердігер мұндай тұлғаны 72 сағат ішінде Жұмыстарды орындаудан шеттетуге және Тапсырыс берушінің аумағынан шығаруға міндетті, бұдан кейін аталған тұлға осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындауға ешқандай қатысы болмауы тиіс.

4.1.23. Келісім-шартты орындау үшін қажетті барлық пайдаланылатын материалдарды, жабдықтарды, көлікті және арнайы техниканы пайдалану мен эксплуатациялауға дейін Тапсырыс берушімен келісуге.

4.1.24. Пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/жинақтаушы бұйымдардың, конструкциялардың және жабдықтардың сапасына толық жауапкершілік көтеруге, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен ауыстыруға және (немесе) ақауларды жоюға.

4.1.25. Орындалатын Жұмыстардың сапасына бақылау жүргізуге, кемшіліктердің алдын алу және оларды жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға.

4.1.26. Келісім-шартты орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, құралдардың, көліктің және арнайы техниканың және т.б. (оның ішінде Жұмыстарды орындау орнында ұзақ уақыт бойы тұрғандарының) Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында сақталуын, сондай-ақ Жұмыстар нәтижесінің Тапсырыс беруші қабылдағанға дейінгі сақталуын өз есебінен қамтамасыз етуге.

4.1.27. Жұмыстарды орындау процесінде Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге.

4.1.28. Тапсырыс берушінің аумағында анықталған тарихи, археологиялық, геологиялық немесе өзге де қызығушылық тудыратын, оның ішінде құндылығы бар кез келген олжалар туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге және оларды акт бойынша Тапсырыс берушіге тапсыруға. Барлық табылған олжалар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады.

4.1.29. Орындалған Жұмыстар туралы дәл және толық ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсынуға, сондай-ақ Жұмыстардың жинақтаушы тізілімін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.30. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуге.

4.1.31. Шот-фактураларды және Орындалған жұмыстар актілерін уақтылы ұсынуға.

4.1.32. Орындалатын Жұмыстардың тиімділік деңгейі Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Техникалық сипаттаманың талаптарынан төмен болмауына кепілдік беруге.

4.1.33. Орындалатын Жұмыстар бойынша тәуекелдерді өз есебінен сақтандыруды жүзеге асыруға, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан қызметкерлерді сақтандыруға, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген зиян салдарын жоюға жұмсалатын шығыстарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға.

4.1.34. Тапсырыс берушінің аумағында Келісім-шарттың шарттарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитариялық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптарды, оның ішінде Келісім-шарттың №6 қосымшасында көзделген талаптарды сақтауға; Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес Жұмыстарды орындауға; Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларын өз есебінен қамтамасыз етуге және Жұмыстарды орындау кезінде жоғарыда аталған талаптарды сақтамағаны үшін толық жауапкершілік көтеруге. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Мердігерге Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы немесе Жұмыстар көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын көлеммен ғана шектелуі мүмкін, бұл ретте Мердігер Жұмыстарды тиісінше және/немесе уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады.

4.1.35. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде жол берілген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілік көтеруге, сондай-ақ Мердігер және/немесе оның қосалқы мердігерлері жіберген заңнама бұзушылықтарының салдарынан экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларында Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салған барлық өндіріп алуларды (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық салдарды, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіруді толық көлемде жүзеге асыруға.

4.1.36. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз қызметкерлері үшін еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Мердігердің/қосалқы мердігердің қызметкерлерінің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауына қатысты тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге.

4.1.37. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін (қажет болған жағдайда) рұқсат беру құжаттамасын алуға байланысты барлық шығыстарды өз бетінше көтеруге, сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарына байланысты шығыстарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: – орындалатын Жұмыстарға арналған лицензиялар мен сертификаттарды; – шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды; – кез келген патент иелерінің және лицензиаттардың құралдарға, жабдықтарға, технологияларға немесе оларды пайдалануына не өндіруіне қатысты кез келген құқықтары мен басым құқықтарына байланысты талаптарды, егер мұндай құқықтар немесе талаптар Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің кез келген осындай құралды, жабдықты немесе технологияны ұсынуының немесе пайдалануының нәтижесінде немесе салдарынан туындаса. Мердігер Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; – Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын; – аурулардың эпидемиологиялық ауқымда таралуына қарсы күреске бағытталған іс-шараларға байланысты шығыстарды.

4.1.38. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Келісім-шарттың орындалуына байланысты кез келген (дұрыс) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Жұмыстарды орындауға қатысты іс-әрекеттердің мәртебесі туралы ақпаратты және растайтын құжаттарды (мысалы, Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін материалдарды алғанын растайтын актілердің көшірмелері және т.б.); Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыс істейтін қызметкерлерінің біліктілік құрамы туралы; Жұмыстарды орындауға тартылатын көлікке, арнайы техникаға, жабдықтарға және оларға қатысты құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттарына, қолданылатын құрылыс және өзге де материалдарға, сондай-ақ Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігіне қатысты ақпаратты ұсынуға. Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚҚС-тың төленуі мен декларациялануын растайтын барлық қажетті құжаттарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: 300.00 салықтық есептілік нысанын (300.00 СЕН), сондай-ақ салық органының 300.00 СЕН-ді қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарламаны ұсынуға міндеттенеді. Бұл ретте ұсынылатын ақпараттың сипаты, көлемі және нысаны (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс берушімен айқындалады.

4.1.39. Төмендегілер анықталған кезде Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге және оның нұсқауларын алғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға: а) Жұмыстарды орындау тәсілі туралы Тапсырыс берушінің нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдарлары; б) теріс нәтиже немесе Жұмыстарды одан әрі орындаудың мақсатқа сай еместігі; в) Мердігерге тәуелді емес өзге де мән-жайлар, олар орындалатын Жұмыстар нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды мерзімінде орындауды мүмкін емес ететін жағдайлар. Жұмыстарды орындауды жалғастырудың мақсатқа сайлығы туралы мәселе Тараптармен Тапсырыс беруші Жұмыстарды тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешіледі.

4.1.40. Келісім-шарт жасалған сәттен бастап Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде Жұмыстарға тартылатын барлық көлікті

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

техникалық құралдармен (GPS-терминалдармен) жарақтандыруға. Мердігердің көліктеріне орнатылатын GPS-терминалдар Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS-мониторинг жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс (техникалық шарттар Мердігердің сұрауы бойынша Тапсырыс берушімен ұсынылады). Осы тармақтың талаптарына сәйкес келмейтін көліктің Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруіне рұқсат берілмеуі мүмкін, бұл ретте Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілік Мердігерге жүктеледі.

4.1.41. Келісім-шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген Жұмыстар нәтижелеріне үшінші тұлғалардың айрықша және өзге де құқықтарының, сондай-ақ олар бойынша ақшалай талаптарының болмауын қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер орындалған Жұмыстардың нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды Тапсырыс берушіге беруге міндеттенеді.

4.1.42. Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің аумағында Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысы жоқ жерлерде қозғалуына (жүруіне) жол бермеуге.

4.1.43. Мердігердің/қосалқы мердігердің қызметкерлеріне ауысым алдындағы медициналық тексеруді өз есебінен қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің шарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық қалашықтарды) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын орындауға. Қауіпсіздік талаптарына мыналар жатады: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты тұлғаның болуы.

4.1.44. Егер Келісім-шартта жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормаларға сәйкес Жұмыстарды орындау көзделсе, Мердігер Жұмыстарды аталған құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте орындауға міндеттенеді.

4.1.45. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша, Келісім-шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынғанның барлығын (қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға.

4.1.46. Жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілсе, сатып алуға.

4.1.47. Келісім-шарт талаптарын тиісінше орындамауынан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды өтеуге. Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген өзге үшінші тұлғалар Мердігер орындаған Жұмыстарға байланысты талаптар қойған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынса немесе қандай да бір залал сомалары өндірілсе, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша дереу осындай айыппұл (өсімпұл) мен залал сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті.

4.1.48. Мердігер Келісім-шартта көзделген Жұмыстарды салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып орындауға, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдердің уақтылы және дұрыс есептелуін, сондай-ақ салықтық есептіліктің дұрыс жасалуын және уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті. Осы тармақты және Келісім-шарттың өзге де талаптарын тиісінше орындамау, оның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсыну салдарынан, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Тапсырыс беруші үшін белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.49. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Келісім-шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) не расталмауы фактілерін анықтаса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып түскен сомасын қайтарудан бас тартылса немесе салықтар қосымша есептелсе, Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бюджеттен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып түскен сомасының барлығын, сондай-ақ барлық өзге де қосымша есептелген салықтарды, оның ішінде қаржылық санкцияларды Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт тек Мердігермен тікелей қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ Мердігердің жеткізушілерімен өзара қатынастарға да қолданылады, егер олар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, ҚҚС-тың қайтарылмауына және мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеуіне әкеп соқса.

4.1.50. Егер камералдық бақылау рәсімі және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар барысында төлем көзінен салық салудан босатуды негізсіз қолдану (босату шарттарының Мердігерге қолданылмауына байланысты) фактісі анықталса, Мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге тиіс барлық салықтар мен қаржылық міндеттемелердің толық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген жағдайлардың туындау фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

4.1.51. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес резидент емес болып табылса және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмайтын мерзім шегінде қызмет көрсетсе немесе Жұмыстарды орындаса, халықаралық шарттың ережелерін қолдану мақсатында мұндай резидент емес тұлға резиденттігін растайтын құжатпен қатар Тапсырыс берушіге: заңды тұлға-резидент еместің құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

отырып, резидент емес тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) үзіндіні немесе өзге де ұқсас құжатты ұсынады. Егер шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес резидент еместе құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлер тізілімінде) не өзге де ұқсас құжатта тіркелу міндеттемесі болмаған жағдайда, резидент емес салық агентіне: резидент еместі құруға негіз болған, оның құқықтық (заңдық) күші резидент емес тіркелген шетел мемлекетінің уәкілетті органы растаған құжатты (актіні) немесе резидент емес қатысушысы болып табылатын шоғырландырылған топтың ұйымдастырушылық құрылымын көрсететін, оның барлық қатысушыларының атаулары мен географиялық орналасуын (шоғырландырылған топ қатысушылары құрылған (тіркелген) мемлекеттердің (аумақтардың) атаулары мен барлық қатысушылардың мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлерін көрсете отырып) қамтитын өзге де құжатты ұсынады.

4.1.52. Тиісті сұрау салу алынған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіні Жұмыстарды орындау барысы туралы хабардар етуге, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға.

4.1.53. 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Мердігердің қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінен, қызметтік міндеттерін орындау кезінде де, олармен байланысты емес жағдайларда да, оның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде келтірілген зиянды, егер зиян белгіленген тәртіппен дәлелденсе және заңды күшіне енген сот актісімен расталса, өтеуге. Зиянды өтеу Мердігердің қаражаты есебінен, оның ішінде Тапсырыс беруші Мердігерге барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша төлеуге тиіс сомалар есебінен жүзеге асырылады. Осы тармақтың қолданылуы Мердігер Жұмыстарға (қызметтерге) тартқан барлық қосалқы мердігерлерге де таралады, олар үшін Мердігер осы Келісім-шарт бойынша жауап береді.

4.1.54. Жұмыстарды орындау кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де құрылыс және жұмыс алаңын тазалауды, барлық қалдықтар мен құрылыс қоқысын жинауды, әкетуді және кәдеге жаратуды өз есебінен қамтамасыз етуге.

4.1.55. Мемлекеттік қадағалау органдарымен Жұмыстарды жүргізу тәртібін, Тапсырыс берушінің қызметкерлерін оқытуды, сондай-ақ жабдықтарды іске қосу және пайдалануға енгізу үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Келісім-шартта көзделсе) келісуге және оларды кейіннен Тапсырыс берушіге беруге.

4.1.56. Тапсырыс берушінің шарттық/шарттан тыс аумағына кіргенде/шыққанда, сондай-ақ көлік құралдарының, арнайы техниканың және қызметкерлердің Тапсырыс берушінің шарттық/шарттан тыс аумағында қозғалуында/болуында Тапсырыс берушіге және (немесе) оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және (немесе) стационарлық топтар/күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес рәсімделген қозғалысқа рұқсатнаманы (рұқсатнамаларды) ұсынуға, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс берушінің және (немесе) оның өкілдерінің (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және (немесе) стационарлық топтар/күзет қызметтері) Мердігердің көлік құралдары мен арнайы техникасына, оның ішінде тиісті құжаттарына толық тексеру жүргізу құқығын қамтамасыз етуге. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және (немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге жібермеуге, сондай-ақ аумақтан шығарып жіберуге немесе Тапсырыс берушінің шарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы.

4.1.57. Орындалған жұмыстар актісімен бірге Келісім-шартта көзделген өзге де актілерді, оның ішінде дезактивация актісін және кәдеге жарату актісін, қалдықтардың кәдеге жаратылғанын растайтын құжаттарды, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем жасау бойынша нотариалды куәландырылған салық декларацияларының көшірмелерін ұсынуға (егер Келісім-шартта қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату жұмыстары көзделсе).

4.1.58. Жұмыстарды орындау кезеңінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Мердігердің экологиялық рұқсаты шегінде, Жұмыстардың нәтижесінде пайда болған эмиссиялар бойынша уақтылы төлеуді жүзеге асыруға (егер Келісім-шартта қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату жұмыстары көзделсе).

4.1.59. Егер Келісім-шарттың мәні алдын ала жобалау және/немесе жобалау жұмыстары болып табылса, Мердігер алдын ала жобалық және/немесе жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамада елішілік құндылықты дамыту саласындағы ұлттық даму институты қалыптастыратын тауарлар, жұмыстар, қызметтер және олардың жеткізушілері деректер базасына енгізілген (болған жағдайда) құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды көрсетуге міндетті.

4.1.60. Егер Келісім-шарттың мәні белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, алдын ала жобалық, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыс-монтаждау жұмыстары болса, Мердігер құрылыс кезінде монтаждауға, салынып жатқан объектіні жабдықтауға және (немесе) тұтынуға жататын тауарларды сметалық, алдын ала жобалық, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкес, Веб-порталда ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде, сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Мердігер коммерциялық ұсыныстарды Келісім-шартты Тапсырыс берушімен жасасу күніне дейін (тендер қорытындылары бойынша) тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, алдын ала жобалық, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Баға мен тауар сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігер тендер қорытындылары шығарылған күнге ең төмен бағаны ұсынған тауар өндірушімен және (немесе) сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға міндетті. Бұл ретте тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін коммерциялық ұсыныстар берілген жағдайда да, Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды, сатып алуға ұсынылған тауарлар бойынша коммерциялық ұсыныс берілген сәтте жеткізу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

шартының болуы, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары сметалық, алдын ала жобалық, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі жағдайларын қоспағанда. Осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау Мердігердің Тараптар тиісті (қорытынды) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күнге дейін тауар өндірушіден(лерден) және/немесе сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымнан(дардан) тауарларды сатып алу туралы шарттардың көшірмелерін, сондай-ақ тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсынуы болып табылады.

4.1.61. Келісім-шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға.

4.1.62. Осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайын Келісім-шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер туралы, олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ақпарат ұсынуға. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуіне қатысты тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.63. Ұзақ мерзімді Келісім-шарт жасалған жағдайда (он екі айдан астам мерзімге), Мердігер Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталған күннен бастап бір ай ішінде өз есебінен Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің/қосалқы мердігердің басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқытуды ұйымдастыруға міндетті.

4.1.64. Әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдау шеңберінде, Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Келісім-шартқа өзгерістер енгізілген кезде, Келісім-шартты орындауға тартылған Мердігер қызметкерлерінің еңбекақысын және әлеуметтік қолдауға жұмсалатын шығыстарды тиісінше арттыруды жүзеге асыруға.

4.1.65. Осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау Мердігердің есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сынан кешіктірмей тиісті қызметкерлер бойынша аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді, сондай-ақ Мердігер қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғайтылғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуы болып табылады.

4.1.66. Келісім-шартта тікелей көзделмеген, алайда Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау шарттарынан туындайтын өзге де міндеттерді атқаруға.

4.1.67. Тапсырыс берушіге берілетін Жұмыстар нәтижелерінің сапасын қамтамасыз етуге; Келісім-шартта көзделген Жұмыстарды уақтылы және сапалы орындауға, төмендегілерді сақтай отырып: 1) қолданылатын құқықтың, оның ішінде экологиялық заңнаманың талаптарын, Келісім-шарттың шарттарын (Келісім-шарттың 4.1.1-тармағында көрсетілгендей); 2) санитариялық-эпидемиологиялық, мемлекеттік экологиялық және (немесе) өзге де сараптамалардың қорытындыларының барлық шарттарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің атына және (немесе) Мердігердің атына берілген қоршаған ортаға әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттың талаптарын (қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін, оның ішінде әрбір ластау көздері бойынша, жұмыс істеу мерзімін және т.б.). Осы Келісім-шартта (оның ішінде Тапсырыс берушінің Техникалық тапсырмасында) өзгеше көзделмесе, Келісім-шартта көзделген Жұмыстарды өз күшімен, материалдарымен және құралдарымен (қызметкерлерімен, жабдықтарымен, технологиялық жабдықтарымен, машиналарымен және механизмдерімен, арнайы техникасымен және т.б., аспаптары мен құралдарымен, ЖЖМ және т.б.) орындауға. Мердігердің сұрауы бойынша және объективті (техникалық және өзге де) мүмкіндік болған жағдайда, Тапсырыс беруші (ақылы негізде) Жұмыстарды орындау үшін қажетті ресурстармен және қызметтермен қамтамасыз етеді, олардың шекті тізбесі, мазмұны, құны және төлеу тәртібі Келісім-шартқа қоса берілетін «Тапсырыс берушінің қатысу шарттары мен тәртібі» қосымшасында көрсетіледі.

4.1.68. Қаражанбас кен орнында электр желісіне қосылу үшін (вахталық вагондар, электр қондырғылары, электр жабдықтары және т.б.) Мердігер Жұмыстар басталғанға дейін, оларды уақтылы орындау үшін қажетті мерзімдерде: – энергиямен жабдықтаушы ұйыммен шартты дербес жасасады; – Тапсырыс берушінің аумағында Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу мақсатында Тапсырыс берушіден техникалық шарттарды алуға, сондай-ақ Мердігердің барлық қосылатын электр қондырғыларының Қазақстан Республикасында қолданыстағы тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларының және электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.69. Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарын, соның ішінде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне байланысты қойылатын талаптарды сақтауға, сондай-ақ Келісім-шартқа қоса берілетін «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған орта саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар, бұзушылықтар үшін айыппұлдар мөлшері» қосымшасының талаптарын (оның ішінде техникалық қажеттіліктер үшін ашық су көздерінен суды пайдалануға тыйымды қоса алғанда) сақтауға, сондай-ақ Келісім-шартқа қоса берілетін «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін өз қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидалары» қосымшасының міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер қажетті шарттарды, талаптарды және стандарттарды сақтамаған жағдайда, себептері жойылғанға дейін Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе Жұмыстардың көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын Жұмыстармен ғана шектелуі мүмкін. Бұл ретте Мердігер Келісім-шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуына жауапты болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.70. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігердің Жұмыстарды орындау процесін тоқтата тұруына тыйым салынады.

4.1.71. Жұмыстарды орындауға тартылған қызметкерлердің қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек даулары туындаған жағдайда, Мердігер осындай мән-жайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға өз ұйымының бірінші басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.72. Мердігер еңбек даулары туындаған кезеңде Жұмыстарды орындаудың толық тоқтатылуын болдырмайтындай етіп қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін Мердігер қосымша қызметкерлерді немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті.

4.1.73. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек даулары туындаған жағдайда іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, оны Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде кідірістерді барынша болдырмау мақсатында қызметкерлерді осы жағдайларды реттеу шараларына уақтылы оқытуға міндетті.

4.1.74. Мердігердің өз күшімен реттеу мүмкін болмайтын еңбек даулары туындаған жағдайда, ол Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды мүмкіндігінше жедел шешу үшін білікті медиаторларды немесе мамандарды өз есебінен тартуға міндетті.

4.1.75. Мердігер қолданылатын салық режимін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

4.1.76. Мердігер салық режимінің өзгергенін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) Тапсырыс берушіге дереу ұсынуға міндеттенеді.

4.1.77. Салық режимі және (немесе) оның өзгеруі туралы ақпаратты ұсынбаған, уақтылы ұсынбаған не дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Мердігер қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады және Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, көрсетілген әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан туындаған қосымша есептелген салықтарды, өсімпұлдар мен айыппұлдарды өтеуге міндеттенеді.

4.1.78. Орындаушы қоршаған ортаға эмиссиялар бойынша экологиялық төлемдерді (салықтарды) Орындаушының экологиялық рұқсаты шегінде, қызметтер нәтижесінде қалыптасқан эмиссиялар үшін төлеуге міндеттенеді.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Келісім-шартта аванстық төлемді (алдын ала төлем) қамтамасыз ету көзделген жағдайда, авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды Тапсырыс берушіден талап етуге.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерден Орындалған жұмыстар актісін алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған Жұмыстарды аталған акт бойынша қабылдауға немесе көрсетілген мерзімде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан негізделген бас тартуды жолдауға. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған жағдайда, оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктердің тізбесін Мердігерге жіберуге;

4.3.6. Орындалатын Жұмыстардың көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

4.3.7. Тапсырыс берушінің аумағында орындалатын Жұмыстар нәтижесінде қалыптасқан қоршаған ортаға эмиссиялар бойынша, Тапсырыс берушінің экологиялық рұқсаты шегінде экологиялық төлемдерді (салықтарды) төлеуге.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Осы Келісім-шартта және оған қосымшаларда көрсетілген Жұмыстардың сапалы және уақтылы орындалуын талап етуге; 4.4.8. Жұмыстарды орындау барысында немесе олар аяқталғаннан кейін анықталған кемшіліктерді жоюды талап етуге; 4.4.9. Кемшіліктерді жою жөніндегі Мердігердің өз міндеттемелерін орындамауы жағдайында, Жұмыстарды (немесе олардың бір бөлігін) орындаудың аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға; 4.4.10. Кез келген уақытта өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып, Жұмыстардың барысы мен сапасын, Келісім-шарт талаптарының сақталуын, Жұмыстарды орындау мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың болуын және сапасын, автокөліктің және арнайы техниканың болуын, Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) мамандарының біліктілігін және т.б. тексеруге, бұл ретте Мердігер тиісті қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті. Тапсырыс беруші Келісім-шарттық міндеттемелердің шарттарына сәйкес келмеу және бұзушылықтар анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды Тапсырыс беруші мен Мердігер өкілдері қол қоятын тиісті актіде көрсетеді (Мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Келісім-шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болып табылмайды), осы ретте көрсетілген сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Мердігерге (қосалқы мердігерге) Жұмыстарды орындау үшін өндірістік объектілерге кіруге тыйым салынуы мүмкін; 4.4.11. Ескертулер болған жағдайда, олар толық жойылғанға дейін Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тартуға; 4.4.12. Осы Келісім-шарт бойынша төлемдер сомалары туралы ақпаратты, оның ішінде Мердігердің атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қамтитын банктік үзіндіні «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қауіпсіз электрондық мекенжайына ұсынуға, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның сұрауы бойынша осы Келісім-шартқа қатысты кез келген ақпаратты беруге; 4.4.13. Келісім-шарттың орындалуына байланысты Мердігерден ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға; 4.4.14. Мердігермен келісу арқылы, өзара есеп айырысу есебіне Жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын қолда бар материалдар мен өзге де мүлікті беруге; 4.4.15. Егер Тапсырыс берушіде Жұмыстарға деген қажеттілікті азайту қажеттілігі туындаса, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасы төмендеген жағдайда, Тапсырыс беруші төмендегі құқықтарды өзіне қалдырады: 4.4.15.1. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта Мердігерге Келісім-шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы, осы Келісім-шарттың 8.3-тармағына сәйкес Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға; 4.4.15.2. Қосымша келісім жасасу арқылы Жұмыстарға деген қажеттілікті азайтуға. Бұл ретте Келісім-шарттың 4.4.15.1. және 4.4.15.2-тармақтарында көзделген жағдайларда Тапсырыс беруші Мердігерге нақты орындалған Жұмыстардың көлемі үшін төлем жүргізеді; 4.4.16. Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының талаптарын және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамағаны үшін, анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін, Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкерлері мен көлік құралдарының Тапсырыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

берушінің объектілеріне кіруін шектеуге; 4.4.17. Келісім-шарттың талаптарына сәйкес, Тапсырыс берушінің шарттық/шарттан тыс аумағында кез келген уақытта және кез келген жерде/объектіде барлық көлік құралдарын және арнайы техниканы тиісті құжаттарымен (Қазақстан Республикасының көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көлік жүккұжаты, тауар-материалдық құндылықтарды қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) тексеруге және қарап шығуға. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және (немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге жібермеуге, сондай-ақ аумақтан шығарып жіберуге немесе Тапсырыс берушінің шарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы; 4.4.18. Мердігерден өндірістік қуаттардың, активтердің бар екенін растайтын және қаржылық тұрақтылығын дәлелдейтін өзге де құжаттарды сұратуға, сондай-ақ Мердігерге қатысты көшпелі тексерулер жүргізуге.

4.5. Тапсырыс беруші мен Мердігер, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері, қызметкерлері, агенттері және қызметшілері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің және оларға қолданылатын өзге де нормалардың талаптарын сақтауға, оның ішінде есептілікті жасау және ұсыну, сондай-ақ кез келген салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер үшін жауапты болады. 4.6. Әрбір Тарап заңнамаға сәйкес өзіне жүктелген салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді бюджетке аударуға міндетті. 4.7. Осы Келісім-шарттың әрбір Тарапы бюджетке салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді төлемеуіне немесе уақтылы төлемеуіне байланысты кез келген талаптар мен талап-арыздардан, оның ішінде тиісті мемлекеттік орган кінәлі Тараптан өндіріп алуы мүмкін айыппұлдар мен пайыздық төлемдерден, қарсы Тарапты босатады және оны жауапкершіліктен қорғайды. 4.8. Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасының және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты, оның ішінде салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді төлеуге қатысты, ҚҚС декларациясына қосымшаларда мәліметтердің уақтылы көрсетілмеуін қоса алғанда, сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды сақтамау нәтижесінде туындаған, мемлекеттік органдардың/уәкілетті тұлғалардың және өзге де заңды және жеке тұлғалардың талаптары, сот талап-арыздары, айыппұлдары, әкімшілік/сот талаптары салдарынан Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстар мен залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті. 4.9. Мердігер тиісті салықтарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге және төлеуге, сондай-ақ салықтық есептілікті дұрыс ресімдеуге және уақтылы салық органына ұсынуға міндетті. Мердігер Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінен ҚҚС-тың асып түскен сомасын қайтарудан бас тартылған жағдайда, сондай-ақ камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, өзге де іс-шаралар барысында Келісім-шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) не расталмауы фактілері анықталып, соның салдарынан Тапсырыс берушіге салықтар және өзге де міндетті төлемдер қосымша есептелген жағдайда, Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде: – қосымша есептелген төлемдердің барлық сомасын, оның ішінде салықтарды, өсімпұлдарды және өзге де төлемдерді; – бюджеттен қайтарудан бас тартылған ҚҚС сомасына тең мөлшерде біржолғы тұрақсыздық айыбын Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді. Осы тармақ бойынша Мердігер өз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), қызметкерлердің, агенттердің және қызметшілердің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де жауапты болады, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, қосылған құн салығының қайтарылмауына және мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеуіне алып келген болса.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Мердігер орындаған Жұмыстарды тапсыру және оларды Тапсырыс берушінің қабылдауы екі Тарап қол қойған Орындалған жұмыстар актісімен ресімделеді. 5.2. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды №1 қосымшаға және Келісім-шарттың өзге де талаптарына сәйкес тексереді. 5.3. Мердігер Жұмыстарды толық көлемде аяқтағаннан кейін немесе Жұмыстардың жекелеген бөліктері аяқталғаннан кейін (егер №1 қосымшада аралық төлемдер көзделсе) 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіге қол қою үшін (Мердігер тарапынан қол қойылған екі данада) Орындалған жұмыстар актісін ұсынады және атқарушылық құжаттаманы береді: – есептер; – заңнамада белгіленген тәртіппен қол қойылған объектіні пайдалануға қабылдау актісі (қорытынды Орындалған (құрылыс-монтаждау) жұмыстар актісіне қосымша ретінде); – және (немесе) өзге де құжаттар. Жұмыстарды толық көлемде аяқтағанға дейін аралық қабылдау жағдайында Тараптар Жұмыстарды орындаудың жекелеген кезеңдерін аралық Орындалған жұмыстар актілеріне қол қою арқылы тапсырады және қабылдайды. Аралық Орындалған жұмыстар актілеріне Тараптар Жұмыстар толық көлемде аяқталғаннан кейін қол қойылатын Орындалған жұмыстар актісіне (қорытынды немесе түпкілікті актіге) қол қою тәртібі мен мерзімдерінде қол қояды. Егер №1 қосымшада аралық төлемдер және тиісінше Жұмыстарды бөліп қабылдау көзделсе, онда Жұмыстардың жекелеген кезеңдерін орындау мерзімдері Жұмыстарды орындау кестесінде көрсетіледі. Егер Келісім-шарт жобалау-сметалық құжаттаманы (оның ішінде жобалау-іздестіру жұмыстарын), техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуге жасалса: – Жұмыстарды орындаудың аралық кезеңінің нәтижесі Тапсырыс берушінің Жобаны келісуі болып табылады; – Жұмыстарды орындаудың қорытынды кезеңінің нәтижесі Тапсырыс берушінің Жоба бойынша мемлекеттік, салалық және (немесе) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алуы болып табылады. 5.4. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардың нәтижелерін (оның ішінде Орындалған жұмыстар актісін және атқарушылық құжаттаманы) Мердігерден Орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды және тексереді. Бұл ретте, егер Келісім-шарт электрондық құжат нысанында жасалса, Орындалған жұмыстар актісі Тапсырыс берушіге сатып алу веб-порталында электрондық көшірмелер түрінде жолданады. 5.5. Жұмыстар бойынша ескертулер болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды және оны Мердігерге жібереді. Жұмыстарды қабылдау кезінде Жұмыстарда кемшіліктер немесе Келісім-шарттан ауытқулар анықталып, олар Жұмыстардың сапасын нашарлатқан жағдайда, Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 5.4-тармағында белгіленген мерзім шегінде бұл туралы Мердігерге жазбаша түрде дереу хабарлайды, бұл ретте Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша: 1) Жұмыстар нәтижелерін қабылдаудан және оларды төлеуден бас тартуға (оның ішінде Жұмыстар нәтижелерін мақсаты бойынша пайдалануды болдырмайтын және Мердігердің, Тапсырыс берушінің немесе өзге тұлғаның күшімен жойылмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда), ал егер олар төленген болса – төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

алуға, сондай-ақ залалдардың өтелуін талап етуге; Актіге қол қоюдан Тапсырыс беруші бас тартқан жағдайда, Тапсырыс берушінің тиісті талабы болған кезде, Тараптар қажетті доработкалардың тізбесін және оларды орындау мерзімдерін көрсете отырып екіжақты акт жасайды (Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің Келісім-шартты орындаудан бас тарту жағдайларын қоспағанда). 2) Жұмыстар нәтижелерін қабылдап, өз таңдауы бойынша Мердігерден: – орындалған Жұмыстар үшін сыйақыны тиісінше азайтуды; – Жұмыстар нәтижесіне кемшіліктерді өтеусіз түзетуді; – Жұмыстарды қайта орындауды талап етуге. Бұл жағдайда, егер Жұмыстардың сипаты мүмкіндік берсе, Тапсырыс беруші бұрын өзіне берілген Жұмыстар нәтижелерін Мердігерге қайтарады. Қайта орындалған Жұмыстарды тапсыру және қабылдау осы Келісім-шартта Орындалған жұмыстар актісіне қол қою үшін көзделген тәртіпке ұқсас тәртіппен Тараптар қол қоятын Қайта орындалған жұмыстар актісі арқылы жүзеге асырылады; – кемшіліктерді өз күшімен немесе үшінші тұлғалар арқылы жоюға байланысты өзі шеккен шығыстарды, оның ішінде Жобаны тұтастай немесе оның жекелеген бөлімдерін (бөліктерін) түзетуге (қайта өңдеуге), материалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта кешенді ведомстводан тыс (салалық) сараптамаға қайта ұсынуға байланысты шеккен шығыстарды (Жоба бойынша жаңа кешенді ведомстводан тыс сараптаманы жүргізу құнын қоса алғанда) өтеуді талап етуге. Бұл ретте Тапсырыс беруші 5.6-тармаққа сәйкес белгіленген мерзімдер шегінде анықталған кемшіліктерді жоюға жұмсалатын шығыстарды жабу үшін Мердігерге тиесілі сыйақының бір бөлігін ұстап қалуға құқылы. Жұмыстарды қабылдау кезінде анықталған кемшіліктер (қалыпты қабылдау тәсілімен анықталуы мүмкін болмаған кемшіліктерді қоспағанда) Орындалған жұмыстар актісінде немесе қабылдауды куәландыратын өзге құжатта көрсетіледі не оларды кейіннен жою туралы талап қою мүмкіндігі Тараптармен келісіліп белгіленеді. 5.6. Келісім-шарттың 5.5-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптар Тапсырыс беруші тарапынан Жұмыстарды қабылдау кезінде кемшіліктер анықталған жағдайда, сондай-ақ оларды кейіннен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мерзімдер (кепілдік және (немесе) өзге мерзім) ішінде анықтаған кезде қойылуы мүмкін. 5.7. Заңнамада көзделген жағдайларда, орындалған Жұмыстардың нәтижелерін тиісті мемлекеттік органдардың алдын ала бекітуін немесе келісуін (аттестаттауды, рұқсатты, тіркеуді, жол беруді) алмай пайдалануға жол берілмесе, Мердігер Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау және осындай бекіту/келісуді алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті. 5.8. Осы Келісім-шарт бойынша қажетті бекіту/келісуді Мердігер алу мүмкін болмаған жағдайда (құзыретті органдардан және (немесе) ұйымдардан), Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді алдын ала хабардар ете отырып (Келісім-шарттың мәні жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу болып табылатын жағдайларды қоспағанда), осындай бекіту/келісуді орындау үшін үшінші тұлғаны таңдауға және тартуға, оның шығыстарын Мердігердің есебінен өтеуге құқылы.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Орындалған барлық Жұмыстардың сапасы Келісім-шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттардың (ГОСТ, СТ РК, ТУ, ОСТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс. 6.2. Заңнамада немесе Келісім-шартта (№2 қосымшада) Мердігердің Тапсырыс берушіге Жұмыстардың сапасына кепілдік беруі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда сапа кепілдігі Жұмыстар нәтижесін құрайтын барлық элементтерге қолданылады. 6.3. Аяқталған объектіні пайдалану барысында жасырын кемшіліктер немесе ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 630-бабында (Ерекше бөлім) көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Келісім-шарттың 6.2-тармағында көзделген кепілдік мерзім ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 635-бабында (Ерекше бөлім) көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға не Мердігерден Жұмыстарды өтеусіз қайта орындауды немесе кемшіліктерді жоюға өзі жұмсаған шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы. 6.4. Мердігер пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық спецификацияларға, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігіне, сондай-ақ олардың сапасын растайтын тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді. 6.5. Мердігер орындалатын Жұмыстар бойынша барлық рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде рұқсаттардың, лицензиялардың, орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға арналған сертификаттардың бар екендігіне кепілдік береді. 6.6. Келісім-шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Мердігерді Келісім-шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні кейіннен орындалатын Жұмыстардың мерзімдері, көлемі мен сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды. 6.7. Мердігер осы арқылы Тапсырыс берушіге осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтінін кепілдейді. Жұмыстардың нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтар жөнінде үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге талаптар қойған жағдайда, осы кепілдіктердің шарттары бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге осыған байланысты барлық залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Мердігер Келісім-шартта белгіленген Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстардың құнының 0,1 % мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.3. Уәкілетті мемлекеттік органмен қалыптастырылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер және олардың жеткізушілері деректер базасына енгізілген (бар болған жағдайда) құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды алдын ала жобалық және (немесе) жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамада негізсіз көрсетпеген жағдайда, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді, ол Мердігермен төленуі тиіс немесе Тараптар түпкілікті Орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс берушімен ұсталып қалуы мүмкін;

7.2.4. Жұмыстар бойынша кемшіліктерді жою мерзімдерін Мердігер кешіктірген жағдайда, мерзімдері бұзылған Жұмыстардың құнының 0,1 % мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.5. Келісім-шарттың шарттарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылықты есептеуді Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша ұсынбаған жағдайда, Мердігер әрбір кешіктірілген күн үшін Келісім-шарт сомасының 0,1 % мөлшерінде, бірақ Келісім-шарт сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлейді;

7.2.6. Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктіру жағдайларын қоспағанда, Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді), Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

7.2.7. Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қызметкерлері мен шетелдік азаматтар арасындағы еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Мердігер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Тапсырыс берушіге айыппұл төлейді;

7.2.8. Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктіру жағдайларын қоспағанда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша: 1) Келісім-шартқа қосымша болып табылатын «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта талаптары. Бұзушылықтар үшін айыппұлдар мөлшері» қосымшасында көзделген мөлшерде – қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған орта саласындағы Келісім-шарт шарттарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, әрбір жағдай бойынша; 2) Келісім-шарттың жалпы құнының 10 % мөлшерінде: (i) Келісім-шартқа қосымша болып табылатын «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидаларының» 2 және 3-бөлімдерінің талаптарын бұзған жағдайларда; (ii) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына жатпайтын өзге де бұзушылықтар жағдайларында айыппұл төлеуге міндетті. Сонымен қатар, Мердігер көрсетілген айыппұлдардан тыс Тапсырыс берушінің барлық залалдарын толық көлемде өтеуге міндетті;

7.2.9. Келісім-шарттың 8.3.2)-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың 7.2.6-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

7.2.10. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын және (немесе) Тапсырыс берушінің осы бағыттардағы ішкі нормативтік құжаттарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, егер Келісім-шартқа қосымшада өзгеше мөлшер көзделмесе, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Келісім-шарттың жалпы құнының 0,1 % мөлшерінде, бірақ жалпы құнының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;

7.2.11. Келісім-шарт шарттарына сәйкес осы Келісім-шартты орындауға тартылған қызметкерлерге еңбекақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, ол Мердігермен төленуі тиіс немесе Тараптар тиісті (қорытынды) орындалған Жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс берушімен ұсталып қалуы мүмкін;

7.2.12. Келісім-шарт шарттарына сәйкес Келісім-шартты орындауға тартылған Мердігер қызметкерлерінің еңбекақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарды арттыру жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, ол Мердігермен төленуі тиіс немесе Тараптар тиісті (қорытынды) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс берушімен ұсталып қалуы мүмкін;

7.2.13. Осы Келісім-шарт бойынша төлем жүргізілген және Мердігер Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Келісім-шарт тоқтатылған (оның ішінде бұзылған) жағдайда, Мердігер Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіні хабардар етуге және Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша қабылдау актілерімен расталмаған шығыстар бойынша алынған ақшалай қаражатты талап жолданған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндетті. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабымен қайтарылуға тиіс соманың әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1 % мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде ақшаны заңсыз пайдаланғаны үшін өсімпұл төлейді;

7.2.14. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді бұзған, орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, осы Келісім-шарттың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбына/айыппұлға/өсімпұлға қатысты талаптардан бөлек, Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 8.3.2)-тармағына сәйкес Келісім-шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

7.2.15. Тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) төленетін Тараптың талап етуі бойынша, залалдар тұрақсыздық айыбынан тыс толық көлемде өтелуге тиіс;

7.2.16. Тапсырыс беруші Жұмыстардағы кемшіліктерді өз күшімен және өз қаражаты есебінен жойған жағдайда, Мердігер мұндай шығыстарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті;

7.2.17. Осы Келісім-шарттың 4.1.60-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың жалпы құнының 20 % мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді, ол Мердігермен төленуі тиіс немесе Тараптар тиісті (қорытынды) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс берушімен ұсталып қалуы мүмкін;

7.3. Мердігер осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұлдар (айыппұлдар) сомасын осы Келісім-шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісім береді.

7.4. Тапсырыс беруші:

7.4.1. Келісім-шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.4.2. Мердігер ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге аванстық төлем сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ аванстық төлем сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.4.3. Тапсырыс берушінің Жұмыстарды қабылдауды кешіктіруі жағдайында, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

7.4.4. Тапсырыс берушінің Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктіруі жағдайында, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктірілген сома мөлшерінің 0,1 % көлемінде әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

7.4.5. Тапсырыс берушінің құжаттарды ұсынуды негізсіз кешіктіруі (Келісім-шарт шарттарына сәйкес Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін құжаттар ұсынуға міндетті болған жағдайда) салдарынан Мердігер Келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кешіктіруден келтірілген залалдарды өтеуді Тапсырыс берушіден талап етуге, сондай-ақ Келісім-шарттың шарттарына өзгерістер енгізбестен, Жұмыстарды орындау мерзімін осындай кешіктіруге сәйкесінше ұзартуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын төлеу Мердігермен Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны және төлемге арналған шотты алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Мердігер Тапсырыс беруші Мердігерге тұрақсыздық айыбын төлеу үшін ұсынған шотты орындалған Жұмыстар үшін төлемдер және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біртекті қарсы талаптарды есепке алу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне енгізуге болатындығымен келіседі.

7.6. Егер Мердігер Жұмыстарды уақтылы орындамау немесе Жұмыстардың барлығын не бір бөлігін орындамау Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға және (немесе) өндіріп алмауға құқылы.

7.7. Келісім-шарттың 7-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жайлар туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші бірнеше айыппұлдық санкцияларды бір мезгілде қолдануға шектеусіз құқылы.

7.8. Мердігер Тапсырыс берушінің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы салдарынан туындаған, өтеуге жататын нақты залалдар мен жіберіп алған пайданы, Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған осы Келісім-шарт және өзге де шарттар бойынша төлеуге жататын сомалардан Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісімін береді.

7.9. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Келісім-шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.3.1. Жұмыстарды орындаудың негізделген орынсыздық болған жағдайда, атап айтқанда:

8.3.1.1. Төтенше жағдай немесе экономикадағы басқа теріс құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары қысқартылған жағдайда;

8.3.1.2. Ұжымдық атқарушы орган/бақылаушы кеңестің шешіміне сәйкес Өндірістік қажеттіліктің болмауы, (егер ұжымдық атқарушы орган/бақылаушы кеңесі болмаса, Тапсырыс берушінің басқарушы органы/жоғарғы органының (қатысушылардың жалпы жиналысы) шешімі негізінде);

8.3.2. Мердігер банкрот деп жарияланған, төлем қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ Жұмыстарды орындау құқығына арналған рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың) қолданылуы тоқтатылған/болмаған жағдайда, оның ішінде Мердігерді Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын өзге де құжаттар болған кезде, Келісім-шарт дереу бұзылады. Осы тармақ Мердігердің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауын шектейтін сот актілері мен сот орындаушыларының қаулылары негізінде де Тапсырыс беруші тарапынан қолданылуы мүмкін.

8.4. Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Келісім-шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Келісім-шартты бұзудың себебі, күшін жоятын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Келісім-шартты бұзудың күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар бойынша Келісім-шарт бұзылған кезде, Мердігер Келісім-шарт бұзылған күнге дейін оны орындауға байланысты нақты шеккен шығындары үшін ғана төлем талап етуге құқылы. Сондай-ақ Тапсырыс беруші Орындаушының және оның қоса орындаушыларының (қосалқы мердігерлерінің) Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу саласында кемсітушілікке жол беруі (Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды Мердігердің толық өтеуімен), сондай-ақ «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидаларының» 2 және 3-бөлімдерін бұзу жағдайларында Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.7. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тәртіпте көзделген өзге де жағдайларда Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9. Хат-хабар

9.1. Осы Келісім-шарттың шарттарына сәйкес жазбаша түрде ресімделуі тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол тапсырылуы не тапсырыс хатпен пошталық хабарламамен, факс арқылы немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс, әрі факс немесе электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы ұсынылуы қажет. Бұл талап уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылып, Мердігердің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жолданған хат-хабарға қолданылмайды. Егер Келісім-шартта Мердігердің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Мердігер оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған жағдайда, Мердігердің ресми электрондық мекенжайы ретінде Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай есептеледі. Осы Келісім-шартқа сәйкес немесе оған байланысты жүргізілетін барлық хат-хабар құжаттарында Тараптардың деректемелері және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс. Осы Келісім-шартқа сәйкес немесе онымен байланысты барлық құжаттарда Тараптардың реквизиттері және Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс. 9.2. Электрондық пошта және (немесе) тапсырыс пошта, курьерлік пошта, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (одан ертерек алынғанын растайтын дәлел болмаған жағдайда) оны тапсыру фактісі тіркелген сәттен бастап жеткізілген болып есептеледі. 9.3. Тапсырыс (авиа) хат арқылы жіберілген хабарлама пошталық бөлімшенің немесе курьерлік қызметтің жеткізілгенін растайтын мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі. 9.4. Тараптар заңды мекенжайына, нақты орналасқан жеріне және банктік деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бұл туралы бір-бірін дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Келісім-шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындауына дейін қолданылады.

10.1.1. Келісім-шарттың өзге шарттарына қарамастан, егер Тапсырыс берушінің уәкілетті органы Келісім-шартты жасасу немесе мәмілені бекіту туралы шешім қабылдауы талап етілсе, Келісім-шарт осындай шешім қабылданғаннан кейін күшіне енеді. Ал егер мұндай шешім Тараптардың уәкілетті органдары тарапынан қабылдануы талап етілсе, Келісім-шарт соңғы шешім қабылданған күндердің бірінен бастап күшіне енеді.

10.2. Келісім-шарттың 10.1-тармағында көрсетілген шарттарға қарамастан, егер Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, өзара есеп айырысулар бөлігінде Келісім-шарт 10.1-тармақта көрсетілген күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан (су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе соғыс қимылдары, диверсия, терроризм, Жұмыстарды орындауға тыйым салатын немесе өзге де түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) туындаса, әрі бұл жағдайлар Тараптардың еркіне тәуелсіз болып, Тараптардың кез келгеніне Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды мүмкін емес еткен болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. 11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, кез келген Тарап олардың басталған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты осындай жағдайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Аталған жағдайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуы тиіс. 11.3. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету уақытына, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарларға сәйкесінше ұзартылады. 11.4. Келісім-шарттың 11.2-тармағында көзделген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемені орындамау үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырады. 11.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындаудың мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, Тараптар Келісім-шартты бұзуға және өзара есеп айырысуларды жүргізуге құқылы болады. 11.6. Мердігер еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету кезеңінде орындалған Жұмыстарды, сондай-ақ Жұмыстарға қатысты барлық материалдар мен жабдықтарды, Мердігердің ресурстарын және Тапсырыс берушіден салынған және қабылданған өзге де мүлікті зақымданудан, бүлінуден, жойылудан қорғауды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Келісім-шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

12.2. Егер мұндай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Келісім-шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен осы мәселені қарауды талап етуге құқылы. Осы Келісім-шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Мердігер төменде көрсетілген мәлімдемелер мен кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз етеді, атап айтқанда, Мердігер: - мемлекетпен байланысты тұлға болып табылады/болып табылмайды, сондай-ақ оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей не жанама иеленушілері болып табылатын саяси мәні бар тұлғалары бар/жоқ екенін растайды. Мердігер қандай да бір саяси мәні бар тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған, не Мердігердің тікелей немесе жанама қатысу үлесін иеленген барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылғанын және қаржыландырудың тек заңды көздеріне ие екенін; - Мердігер және оның үлестес тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталмағанын немесе кінәлі деп танылмағанын растайды. Мердігер өзі немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - Мердігер «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатынымен Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында танысқанын растайды, сондай-ақ ҚМГ Іскерлік этика кодексі мен Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Осы бөлім Келісім-шарттың нысанасына қатысты сот органдарының сұрау салуы бойынша және сот талқылауы барысында құпия ақпаратты ашу жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша ақпаратты ашуға қолданылмайды.

14.4. Тапсырыс беруші қандай да бір ақпаратты немесе құжаттарды ұсынудан бас тартуға құқылы. Тараптар мұндай ақпараттың құпиялылығын өздерінің қызметкерлері, өкілдері және агенттері тарапынан сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауға міндетті. Мердігер оның қызметкерлері, өкілдері немесе контрагенттері тарапынан құпия ақпараттың жария етілуі үшін жауапты болады. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тараптар құпия ақпаратты жария етпеу туралы тиісті келісімге (NDA) қол қоюға міндетті.

15. Санкциялық ереже

15.1. Тараптар осы Келісім-шартты Мердігердің кепілдіктеріне негізделе отырып және Мердігер өз қызметін Экономикалық санкциялар туралы заңнаманы қатаң сақтай отырып, оны бұзбай жүргізгенін, қазір де жүргізіп отырғанын және алдағы уақытта да жүргізе беретінін адал ниетпен пайымдай отырып жасайды. Осы Келісім-шарт жасалған күнгі жағдай бойынша Мердігер Экономикалық санкциялар туралы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге және оны сақтауға ынталандыруға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді енгізгенін және қолдайтынын растайды. Экономикалық санкциялар деп АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) немесе АҚШ Үкіметінің кез келген өзге органы, департаменті не агенттігі, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Ұлыбритания, Еуропалық одақ немесе Еуропалық одаққа мүше кез келген мемлекет әкімшілендіретін кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсініледі. Мердігер төмендегілерге кепілдік береді және қамтамасыз етуге міндеттенеді, атап айтқанда: (a) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да, сондай-ақ Мердігердің барлық немесе кез келген акционерлері Санкцияға ұшыраған тұлғалар болып табылмайды және Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне, сондай-ақ АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) әкімшілендіретін: - SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізімі), - CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе сквозной төлем шотын ашуға не жүргізуге тыйым салынған немесе қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), - NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық қолданысы бар кез келген өзге санкциялық тізімдерге енгізілмеген; (b) Келісім-шартты жасасу және (немесе) оны Мердігердің орындауы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқтырмайды; (c) Мердігер Келісім-шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға тиіс күннен бастап және оны нақты орындау күніне дейін осы Келісім-шарт бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын Мердігердің, оның ішінде өз және корреспонденттік шоттары: - Еуропалық одақтың қаржылық санкциялары аясында активтерді бұғаттау және қаражат пен экономикалық ресурстарды ұсынуға тыйым салу қолданылатын тұлғалар, топтар мен ұйымдардың Сводтық тізіміне (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) - Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды іске асыру басқармасының қаржылық санкциялар объектілерінің сводтық тізіміне (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementation in the UK), және (немесе) - АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) әкімшілендіретін SDN, CAPTA, NS-MBS тізімдеріне енгізілмеген банктерде немесе қаржы ұйымдарында ашылған; (d) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкциялармен тыйым салынған немесе мұндай мәмілелер кез келген тұлға тарапынан Экономикалық санкцияларды бұзуы мүмкін деп негізді түрде пайымдауға болатын, не Санкцияға ұшыраған тұлғалардың пайдасына пайдаланылуы немесе жұмсалуы мүмкін кез келген тұлғамен немесе ұйыммен қандай да бір мәмілелерге тартылмаған және тартылмайды; (e) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Санкцияға ұшыраған тұлғалармен немесе олардың пайдасына (оның ішінде кез келген жылжымайтын мүлікке қатысты), не Санкция қолданылатын аумақта, немесе ирандық мұнайды, мұнай немесе мұнай-химия өнімдерін қамтитын кез келген келісімдерді, мәмілелерді, уағдаластықтарды немесе қатынастарды қаржыландырмайды және қаржыландыруға жәрдемдеспейді; (f) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкцияларды өзге кез келген тәсілмен бұзуға жол бермейді және Экономикалық санкцияларды [Қор] немесе кез келген үшінші тұлғалар тарапынан бұзуға ықпал етпейді; (g) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Санкциялық аумақта орналаспаған. Мұнда Санкциялық аумақ деп Экономикалық санкциялар қолданылатын мемлекеттің аумағы түсініледі, егер мұндай аумақта орналасу Экономикалық санкцияларды бұзуға әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; (h) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкцияларға байланысты бұғатталған немесе тыйым салынған мүлікке қатысы жоқ, сондай-ақ осындай мүлікте үлесі немесе мүддесі жоқ, егер мұндай бұғаттау немесе тыйым салу Экономикалық санкцияларды бұзуға әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; (i) Мердігердің атынан осы Келісім-шартқа қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне, сондай-ақ АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілендіретін: SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе сквозной төлем шотын ашуға не жүргізуге тыйым салынған немесе бір не бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық қолданылуы бар кез келген өзге санкциялық тізімдерге енгізілмеген. 15.2. Егер осы бөлімнің 15.1-тармағында көрсетілген Мердігердің кез келген кепілдігі Мердігер тарапынан қамтамасыз етілмесе және (немесе) жалған, анық емес және (немесе) дәл емес болып шықса, Мердігер Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігердің осы Келісім-шарттың 15.1-тармағында көзделген міндеттемелерді бұзуынан туындаған және (немесе) осындай кепілдіктердің анық еместігіне не дәл еместігіне байланысты пайда болған тікелей және (немесе) жанама залалдарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. Сонымен қатар, Тапсырыс беруші осы негіздер бойынша Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы. 15.3. Егер Келісім-шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа санкциялық акт қабылданса немесе қолданыстағы кез келген санкциялық актіге өзгерістер енгізілсе, не тиісті юрисдикцияның уәкілетті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесі немесе шешімі негізінде қолданыстағы санкциялық актінің қолданылу аясы кеңейтілсе немесе өзгеше түрде өзгертілсе (бұдан әрі – Жаңа санкциялар), және мұндай Жаңа санкциялар: (a) Тараптардың бірінің ақылға қонымды әрі негізделген пайымдауына сәйкес басқа тараптың осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес етсе немесе елеулі түрде қиындатса; және (немесе) (b) осындай тарап үшін қаржыландыру көздеріне ұзақ мерзімді қолжетімділіктің болмауына және (немесе) тікелей және (немесе) жанама залалдардың туындауына әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; және (немесе) (c) өнім жеткізудің және (немесе) қызметтер көрсетудің бұзылуына немесе тоқтатылуына әкеп соқтырса; (d) Тараптардың кез келгенінің елеулі кредиттік Келісім-шарттарында көзделген міндеттемелердің (ковенанттардың) бұзылуына әкеп соқтырса және Жаңа санкцияларға байланысты мұндай міндеттемелерді сақтау мүмкін болмаса немесе елеулі түрде қиындатылса; және (немесе) (e) осындай тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырса немесе тиісті рейтингтік агенттіктің жазбаша растауымен мұндай төмендеу ықтималдығы бар болса (бұдан әрі бірге — «Жаңа санкциялардың салдары»), онда мұндай тарап Жаңа санкциялар қабылданған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде бұл туралы басқа тарапты жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндетті (осы бапта көзделген әрбір осындай хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады), оған ресми растайтын құжаттарды және аталған санкциялардың өзіне тигізетін ықпалы туралы ақпаратты қоса ұсына отырып. 15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей, Тараптар Жаңа санкциялардың Тараптардың осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына ықтимал әсерін адал ниетпен талқылау және келісу, сондай-ақ Жаңа санкциялардың мұндай теріс әсерін болдырмау немесе мүмкіндігінше азайтуға бағытталған заңды және ақылға қонымды шараларды, оның ішінде осы Келісім-

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

шартқа өзгерістер енгізуді және тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсат-хаттар/лицензиялар алуды талқылау мақсатында кездесу(лер) және (немесе) келіссөздер жүргізуге міндетті (бұдан әрі - «Адал ниеттегі келіссөздер»). 15.5. Егер Адал ниеттегі келіссөздер нәтижесінде Тараптар өзара қолайлы шешімге қол жеткізсе, Тараптар келісілген шараларды 5 (бес) күн ішінде немесе Тараптар келісілген өзге мерзімде іске асыру үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды. Мұндай шаралар Жаңа санкцияларды бұзуды немесе олардың осы Келісім-шарттың орындалуына қолданылуын болдырмауға мүмкіндік беруі тиіс. 15.6. Егер Адал ниеттегі келіссөздердің бірінші күні өткеннен кейін 5 (бес) күн ішінде Тараптар келісімге қол жеткізе алмаса, кез келген тарап Жаңа санкциялар қолданылатын немесе Жаңа санкциялардың салдары туындаған тарапқа (бұдан әрі — «Тыйым салынған тарап») келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарламаны («Келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарлама») кез келген уақытта жіберуге құқылы. Осындай хабарлама жіберілген жағдайда, тарап Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және (немесе) жанама залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. 15.7. Жоғарыда көрсетілген ережелерді шектемей, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларында немесе ___ (валютаны көрсету) жүзеге асыру Жаңа санкцияларға байланысты Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзге түрде орынсыз болып қалған жағдайда, және Тараптардың ақылға қонымды пікірінше төлемді баламалы валютада жүзеге асыру Жаңа санкциялардың салдарынан аулақ болуға мүмкіндік берсе, онда 15.8-тармақтың ережелері басым тәртіппен қолданылатынымен келіседі. Бұл жағдайда 15.5 және 15.6-тармақтар қолданылмайды. 15.8. Тараптар халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті ескере отырып, егер кез келген уақытта осы Келісім-шарт бойынша төлемдерді АҚШ долларында немесе өзге валютада жүзеге асыру Мердігер үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзге түрде орынсыз болып қалса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді жазбаша түрде хабардар етуге міндетті екенін және Тараптар мұндай төлем жүзеге асырылатын баламалы валютаны және төлемді алушы тараптың банк шотының деректемелерін жазбаша түрде бірлесіп келісетінін растайды. Тараптар келісілген валютада төлемнің сәтті жүзеге асырылуы үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді. 15.9. Егер осы Келісім-шартта өзгеше көзделмесе, осы Келісім-шартта көрсетілген, есептелген немесе айқындалған және олар бойынша төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуге тиіс кез келген сомалар (оның ішінде 15.8-тармақ қолданылған жағдайда теңгеде, рубльде немесе өзге валютада көрсетілген сомалар) төлемдерді немесе есеп айырысуларды АҚШ долларында жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлемге немесе есеп айырысуға байланысты күнге) белгіленген айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептеледі. Егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz) тиісті валюталардың айырбастау бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса, қайта есептеу Тараптар келісетін өзге мемлекеттің ұлттық банкінің тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлемге немесе есеп айырысуға байланысты күнге) белгіленген бағамы бойынша жүргізіледі. 15.10. Келісім-шарттың жалпы қолданылу мерзіміне қарамастан, санкциялық міндеттемелерге қатысты Келісім-шарттың ережелері Келісім-шарттың бұзылуына, одан бас тартылуына, жарамсыз деп танылуына, қолданылу мерзімінің аяқталуына немесе Келісім-шарттың тұтастай тоқтатылуына қарамастан толық күшінде қалады.

16. Өзге шарттар

16.1. Келісім-шарт қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жасалып, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның электрондық сатып алулар веб-порталы https://zakup.sk.kz/ арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбаларымен қол қою жолымен жасалды, қағаз тасымалдағышта қол қойылған Келісім-шартқа тең және заңды күші бар. Келісім-шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қандай да бір алшақтықтар туындаған жағдайда, Келісім-шарттың орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.

16.2. Осы Келісім-шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалып, Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық түрде Келісім-шарттың 17.1-тармағының шарттарына сәйкес қол қойған жағдайда, Келісім-шарттың ажырамас бөліктері болып табылады.

16.3. Мердігер Жұмыстарды орындау нәтижесінде үшінші тұлғалар шеккен залалдардың орнын толтыру туралы талаптар мен талап-арыздардан Тапсырыс берушіні қорғайды, сондай-ақ Келісім-шартты орындау барысында және соның салдарынан туындайтын, Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген зиянмен, өз қызметкерлерінің мүлкіне, өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянмен, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуымен байланысты барлық тәуекелдер үшін жауапкершілікті өзіне алады.

16.4. Келісім-шартта көзделмеген жаңа міндеттемелерге әкеп соғатын Тараптар арасындағы кез келген уағдаластық, егер ол Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде Келісім-шарттың 17.1-тармағының шарттарына сәйкес жазбаша түрде расталса, жарамды деп танылады.

16.5. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және сол заңнамаға сәйкес реттеледі. Келісім-шарттың шарттарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

16.6. Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптың жазбаша келісімінсіз Келісім-шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

16.7. Келісім-шарт пен Қосымшалардың мәтіндерін түсіндіруде қандай да бір алшақтықтар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Келісім-шарттың мәтіні басым күшке ие болады.

16.8. Екі Тарап қол қойған және Тараптардың мөрімен бекітілген, Жеткізуші жолдаған Келісім-шарттың сканерленген көшірмесі, егер аванстық төлем Келісім-шартта көзделген болса, алдын ала төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

16.9. Осы Шартқа қол қою арқылы Мердігер оның барлық талаптарын қабылдайды және олардың тиісінше әрі толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

16.10. Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар: 1) Қосымша №1 – «Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі»; 2) Қосымша №2 – «Техникалық сипаттама»; 3) Қосымша №3 – «Елішілік құндылық үлесін нақты есептеу нысаны»; 4) Қосымша №4 – «Орындалған жұмыстар актісінің нысаны»; 5) Қосымша №5 – «Тапсырыс берушінің қатысу шарттары мен тәртібі»; 6) Қосымша №6 – «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар, бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшерлері»; 7) Қосымша №7 – «Қаражанбасмұнай» АҚ объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өзара іс-қимыл қағидалары»;

17. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

АҚ "Каражанбасмунай"
Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., 9А шағын аудан, 4 үй, 0
БСН 950540000524
БСК ATYNKZKA
ЖСК KZ239491100000355089
«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
Тел.: +7 (729) 247-3222
_____ _____

_____
_____
_____
БСН _____
БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____
_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Жыл	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
3 Р	Бұйымдарды қалпына келтіру / жаңғырту (объектілерді, жиһаздарды, жабдықтарды жөндеу және қалпына келтіруден басқа) бойынша жұмыстар, Бұйымдарды қалпына келтіру жұмыстары (нысандар, жиһаздар мен жабдықтарды жөндеуден басқа	Көтергіш қондырғылардың гидравликалық цилиндрлерінің штангаларын жөндеу жұмыстары	1.000					1 928 721.6	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Мангистауская область	-	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №3
қосымшасы**

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушылары болып табылмайтын ұйымдармен жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық бағасы	коэффициент 1 тең, егер шартты қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушысы орындайтын болса, әйтпесе коэффициент 0 тең;	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5	6	7(=(4-5)*6)
						0,00
						0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6 (=∑7(кесте 1)/5*100%)
					100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке работ №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Каражанбасмунай", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/субподрядчиком обязательств, предусмотренных пунктами 10 и 10-1 статьи 61 Порядка, в том числе посредством анализа итогов рассмотрения поставщиком работ коммерческих предложений, представленных посредством веб-портала закупок в рамках пункта 10 настоящей статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется на условиях, установленных настоящим Договором за свой риск выполнить работы по [Наименование Работ] (далее - Работа), а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

